

Ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2011 жылға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Құшiн жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 448 шешімі. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 мамырда № 9-20-195 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2012 жылғы 1 қаңтардағы № 02-33/2 хаты)

Ескерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2012.01.10 № 02-33/2 хаты).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысының 2-тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 51 Қаулысына сәйкес Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2011 жылға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау беру түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2011.06.23 № 456 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысымен белгіленген мерзімге және ставка бойынша бюджеттік несие беріледі.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с

сессияның төрайымы

Н. Дерновая

КЕЛІСІЛДІ:

"Федоров ауданының кәсіпкерлік,
ауыл шаруашылық және
ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
бастығының міндетін
а т қ а р у ш ы

_____ С. Хусаинов

"Федоров ауданының
экономика және
қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ В. Гринак